




**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ ТАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ**

**«ҚАЗАҚ-НЕМІС ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» ББМ
ОУ «КАЗАХСКО-НЕМЕЦКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ»**

«ЖЕЛІСІЛДІ/СОГЛАСОВАНО»

Әдістемелік кабинетінің
менгерушісі/ заведующая
методическим кабинетом

 Байтемирова А.Н.
«10» «04» 2023 ж./г.

«БЕКІТІЛГЕН/УТВЕРЖАДІ»

директордың ОІ бойынша орынбасары/
заместитель директора по УР

Уразбаева К.Д.

20__ ж./г.



**Жалпы білім беру ұйымдарының 9 сынып оқушыларына арналған
математика пәні бойынша қалалық олимпиаданың Ережесі**

1. Жалпы ереже

1.1 Осы ереже 9 сынып оқушыларына арналған математика пәні бойынша қалалық олимпиаданың ережесі (бұдан әрі-Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ ұйымдастыру-әдістемелік қызметті қамтамасыз етуді, өткізу және қаржыландыру тәртібін, оған қатысу шарттарын, жүлдегерлер мен жеңімпаздарды анықтауды айқындайды.

1.2 Олимпиаданың негізгі мақсаты – математика пәні бойынша зейінді, ойы ұшқыр, ойлау қабілеті зерек, дарынды балаларды анықтау, қолдау арқылы балаларды техникалық мамандықтарға баулу, кәсіби бағдар беру жұмыстарын іске асыру.

1.3 Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- студенттердің ғылыми зерттеу және оқу-танымдық әрекеттерін ынталандыру;
- ақыл-ой еңбегінің мәртебесін жоғарылату;
- колледж қызығушылықтарын және талаптарын анықтау;
- Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

2.Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

2.1 Олимпиаданың ұйымдастырушысы Кентау қалалық «Қазақ-неміс политехникалық колледжі» білім беру мекемесі болып табылады. Олимпиада студенттерінің ғылыми зерттеу және оқу-танымдық әрекеттерін ынталандыру, шығармашылық белсенділігін дамыту, талантты да дарынды жас зерттеушілерді іріктеу мақсатында жалпы және орта білім беру ұйымдарының 9 сынып оқушылардың арасында ұйымдастырылады.

2.2 Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның міндеттеріне:

- колледж көлеміндегі ұйымдастыру комитеттерінің қызметтерін үйлестіру, олимпиада өткізуде келісілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру және олимпиадаға ұсынылған материалдарды бағалау өлшемдерін әзірлеу кіреді;
- ұйымдастыру комитеті олимпиаданы өткізу тәртібін, нысандарын, орны мен өткізу мерзімін анықтайды, қатысушылар тізімін және қазылар алқасының құрамын бекітеді;
- олимпиада Кентау қаласында «Қазақ-неміс политехникалық колледж» базасында өткізіледі;
- олимпиада қатысушыларын бағалау қазылар алқасы мүшелері тарапынан жүргізіледі;
- жүлдегерлер қазылар алқасының шешімімен анықталады;

3.Бағалау өлшемдері:

3.1 Олимпиада 25 сұрақтан (тест) және 1 тапсырмадан тұрады;

3.2 1 сағат 30 минут бөлінеді;

3.3 Ең жоғары балл – 30 балл.

3.4 1 дұрыс жауапқа 1 балл, тапсырмаға -5 балл қойылады.

3.5 Апелляция қарастырылмайды.

4. Олимпиада қатысушыларына қойылатын талаптар

4.1 Математика пәні бойынша олимпиадаға 9 сынып оқушылары қатыса алады.

4.2 Сұранысты 18.04.2023 ж. дейін adina_1003@mail.ru электронды поштасына жіберу керек. 18.04.2023 кейінгі сұраныстар қабылданбайды. Сұраныс 1 қосымшада көрсетілген (Қосымша 1)

5. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

5.1 Пәндік олимпиада қорытындысы өткізілген күні әділ қазылар шешімімен хаттама толтырады және қатысушылардың нәтижесін хабарлайды.

Олимпиада аяқталған соң қазылар алқасы жиынтық хаттама толтырады. Хаттамаға олимпиада тапсырмалары мен олимпиада қатысушыларының жауаптарының материалдары қоса тіркеледі.

5.2 Математика пәні бойынша олимпиада жеңімпаздары «Қазақ-неміс политехникалық колледжінің» I, II, III дәрежелі диплом, мақтау қағаздарымен марапатталады. Сондай-ақ I орын үшін – 20 000 тг., II орын үшін – 15 000 тг., III орын үшін – 10 000 тг. ақшалай сыйлықтармен және Қазақ-неміс политехникалық колледжіне оқуға түсу үшін грант алуға сертификаттармен марапатталады.

Олимпиаданы өткізуге жауаптылар :

Алиева И.Б.

Шулембаева М.Н.